

Мектепке дейінгі ұйымдардың әдіскерлеріне арналған
«Мектепке дейінгі ұйымда әдістемелік жұмысты ұйымдастыру»
біліктілікті арттыру курсының
білім беру бағдарламасы
(қазақ және орыс тілдерінде)

1. Жалпы ережелер

2021 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 15 наурыздағы №137 қаулысымен Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі (бұдан әрі - Модель) бекітілді.

Модельдің міндеттерін іске асыру үшін мектепке дейінгі білім беруді дамыту бойынша жүйелі шаралар кешені іске асырылады, олардың бірі мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту педагогтерін даярлау бағдарламаларын жетілдіру болып табылады.

Осыған байланысты мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту педагогтерінің кәсіби құзыреттіліктерін арнайы дамыту міндеті туындайды.

«Мектепке дейінгі ұйымда әдістемелік жұмысты ұйымдастыру» білім беру бағдарламасының (бұдан әрі – Білім беру бағдарламасы) өзектілігі жаңартылған мазмұнды іске асыруда мектепке дейінгі ұйым әдіскерлерінің кәсіби-тұлғалық қасиеттерін дамыту болып табылады.

Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы мектепке дейінгі ұйым әдіскерлерін оқытуға арналған.

Білім беру бағдарламасы:

- мектепке дейінгі ұйымдарда әкімшілік және әдістемелік жұмыс жүргізудің дағдыларын меңгеру;

- дамытушы ортаны ұйымдастыруда педагогтерге әдістемелік көмек көрсету;

- ата-аналарды (заңды өкілдерді) тарта отырып, тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру және жүргізу үшін балалардың қызығушылықтарын зерделеуде педагогтерге көмек көрсету;

- тәрбиелеу-білім беру процесін әдістемелік қолдау;

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерге сәйкес педагогтер қызметінің процесі мен нәтижелеріне мониторингті іске асыру.

Білім беру бағдарламасы «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 384 бұйрығына сәйкес әзірленді.

2. Глоссарий

1) әдіскер – мектепке дейінгі ұйымда тәрбие мен оқытудың нысандарын, әдістерін, құралдары мен әдістемелерін зерттеу, әзірлеу, енгізу және сүйемелдеумен айналысатын педагог;

2) педагог – педагогтік немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және білім алушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адам;

3) мектепке дейінгі ұйымдағы әдістемелік жұмыс – әрбір тәрбиешінің және тұтас алғанда ұжымның біліктілігі мен кәсіби шеберлігін жан-жақты арттыруға бағытталған өзара байланысты шаралардың толыққанды, ғылыми жетістіктер мен озық педагогикалық тәжірибеге негізделген жүйесі;

4) педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуы – педагогтің өмір бойы кәсіби қызмет субъектісі ретінде қабілеттерін (жалпы және арнайы) және қажеттіліктерін (кәсіптік-танымдық, рухани) тұрақты дамыту процесі;

5) құзыреттілік – кәсіби міндетті табысты орындауға мүмкіндік беретін қызметке жеке көзқарасты, ынтаны, құнды бағдарларды және белгілі бір жеке қасиеттерді қамтитын білім мен тәжірибе деңгейі;

6) кәсіби құзыреттілік – қызметті табысты іске асыру үшін қажетті кәсіби және жеке қасиеттердің жиынтығы, оқу-тәрбие процесінде педагогикалық міндеттерді білікті шеше білу қабілеті;

7) дамытушы орта – заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, күні бойы өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, балалардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар орта;

8) модель – мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту мен жетілдіру бағыттарын айқындайтын тәсілдер мен қағидалардың жиынтығы;

9) модуль – түлектің бір құзыретін (әдетте – кәсіби) немесе құзыреттер тобын (мысалы, бір немесе міндеттер тобын шешуге арналған барлық кәсіби құзыреттер) қалыптастыруға бағытталған негізгі немесе қосымша білім беру бағдарламасының ірі құрылымдық элементі.

3. Бағдарлама тақырыптары

<p>1- модуль Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары</p>	<p>1.1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды нормативтік құқықтық қамтамасыз ету: - «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы; - Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі (2021 жылғы 15 наурыздағы №137 ҚРҰҚ); - Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР ОАМ 03.08.2022 ж. № 348 бұйрығы); - Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (ҚР БҒМ 20.12.2012ж. № 557 бұйрығы); - Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (ҚР БҒМ 12.08. 2016 ж. № 499 бұйрығы); - Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары (ҚР ОАМ 31.08.2022 ж. № 385 бұйрығы); - Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары (ҚР БҒМ 2009 жылғы 13 шілдедегі N 338 бұйрығы); - Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары (ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы) .</p> <p>1.2 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі педагог: - «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы; - Педагогикалық әдеп қағидалары (ҚР БҒМ 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығы)</p>
<p>2-модуль Тәрбиелеу-білім беру процесін сүйемелдеу</p>	<p>2.1. Балабақша әдіскерінің қызметі</p> <p>2.2. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру және өткізу (режимдік сәттер, әдіскердің бақылау парақтары, балабақша педагогтерінің негізгі құжаттары)</p> <p>2.3. Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету және мониторинг жүргізу</p> <p>2.4. Жасанды интеллект және оның тәрбиелеу - білім беру процесіне ықпалы</p> <p>2.5. Аттестаттаудан өткізуге дайындық</p>
<p>3-модуль Мектепке дейінгі білім беруде дамытшы ортаны ұйымдастыру</p>	<p>3.1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың вариативтік, жеке бағдарламаларын әзірлеу</p> <p>3.2. Цифрлық құралдарды қолдана отырып, интерактивті және мультимедиялық материалдарды әзірлеу</p>
<p>4-модуль Тәрбиелеу-білім беру процесіне қатысушылардың өзара әрекеті</p>	<p>4.1.Ата-аналармен (заңды өкілдермен) жұмыс жүргізуде педагогті әдістемелік қолдау</p> <p>4.2. Тәрбиелеу-білім беру процесіне қатысушылардың өзара әрекетінің заманауи бағыттары</p> <p>4.3.Педагогтің ата-аналармен қарым-қатынасының тиімді әдістері</p> <p>4.4.Тәрбиеленушілердің ата-аналарын (заңды өкілдерін) психологиялық-педагогикалық қолдау</p>
<p>5-модуль Вариативтік мазмұн</p>	<p>5.1.Тыңдаушылардың сапалық құрамына сәйкес және олардың кәсіби сұраныстарын ескере отырып, бағдарлама мазмұнын талдау. Тыңдаушылардың қиындықтары мен мәселелерін талқылау және шешу</p> <p>5.2.Мектепке дейінгі ұйым педагогі өзінің кәсіби құзыреттілігін бағалауы</p>

Қорытынды бақылау
Тест -
Жоба қарғау -

«Мектепке дейінгі ұйымда әдістемелік жұмысты ұйымдастыру» мектепке дейінгі ұйымдардың әдіскерлеріне арналған біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасының жаңашылдығы- бағдарламаның мазмұнында отандық және халықаралық тәжірибенің ескерілуіне байланысты.

Білім беру бағдарламасында мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда отандық және халықаралық тәжірибе, ұлттық құндылықтар назарға алынды;

мектепке дейінгі ұйымдарда көрсетілетін қызметтердің сапасын қамтамасыз ету үшін әдіскердің кәсіби құзыреттілігін арттыру көзделген;

мақсаты мен міндеттері, менеджмент мазмұнын қалыптастыру идеясы, мектепке дейінгі ұйымның қызметін ұйымдастыру нысандары мен құралдары, басқарудың негізгі принциптері және нормативтік құқықтық актілер бойынша жұмыс ерекшеліктері нақтыланды;

мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің отбасыларымен өзара ықпалдастығының және серіктестігінің негізгі қағидалары, нысандары белгіленген.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері мен күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның мақсаты: мектепке дейінгі ұйым педагогтерімен жұмыс жүргізуде тұлғаға бағытталған тәсілді жүзеге асыру және Модельді іске асыру аясында мектепке дейінгі ұйымды басқаруда инновациялық әдістерді қолдануда әдіскерлердің кәсіби құзыреттілігін арттыру.

Бағдарламаның міндеттері:

- мектепке дейінгі білім беру жүйесін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерді қолдану дағдысын бекіту;
- кәсіби қызметтің тиімді нәтижелеріне қол жеткізу үшін тыңдаушылардың ақпараттық, технологиялық, коммуникативтік құзыреттілігін арттыру;
- курс тыңдаушыларының жеке қажеттіліктеріне сүйене отырып, олардың кәсіби дамуын анықтау.

Күтілетін нәтижелер:

- өз жұмысында нормативтік құқықтық актілерді қолданады;
- мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен дамытудың заманауи әдістері туралы білімді жинақтайды және қолданады;
- тәрбиелеу-білім беру процесіне әдістемелік қолдау көрсетеді;
- өзінің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру перспективаларын айқындайды.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бағдарлама 5 модульді қамтиды:

1-модуль. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары»;

2-модуль «Тәрбиелеу-білім беру процесін сүйемелдеу»

3-модуль «Мектепке дейінгі білім беруде дамытшы ортаны ұйымдастыру»

4-модуль «Тәрбиелеу-білім беру процесіне қатысушылардың өзара әрекеті»

5-модуль «Вариативтік мазмұн»

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Біліктілікті арттыру курстары курстың тақырыптық-оқу жоспарына сәйкес ұзақтығы 72 сағатты құрайтын офлайн және қашықтан оқыту режимінде (бұдан әрі – ТОЖ) ұйымдастырылады.

Офлайн режимде білім беру процесін ұйымдастыру кезінде тыңдаушылардың білімдерін бақылау және бағалау мақсатында: өзіндік жұмыс, жоба қорғау, қорытынды тестілеу өткізіледі. Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар, тест тапсырмалары, жобалау жұмыстарының тақырыптары курстың оқу-әдістемелік кешеніне (бұдан әрі – ОӘК) енгізілген.

Оқытудың білім беру процесі оқытудың белсенді және интерактивті нысандары мен әдістерін қамтиды: кейс-технология, баскет әдісі (жағдайды ойнау), практикалық жұмыс, көшпелі практикалық сабақ, тренинг, шеберлік сыныптары, конференция, дөңгелек үстел, жоба жұмысының презентациясы, рөлдік ойындар, бейнефильмдерді талқылау, мәселелерді бірлесіп шешу, эссе, тестілеу, тыңдаушының өз бетінше ізденуі, электрондық интерактивті практикум.

Тыңдаушыларға өткен материалды зерделеу және бекіту үшін курс материалдары ұсынылады.

Курс қашықтан ұйымдастырылғанда жоспарланған практикалық сабақтардың мазмұны тыңдаушылардың өзіндік жұмыстарын орындауымен алмастырылады.

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін профессор-оқытушылар құрамымен Бағдарлама мазмұнын бағалау өлшемшарттары мен меңгеру параметрлері әзірленеді, олар курстың ОӘК – не енгізіледі.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету Бағдарламаның мақсат, міндеттеріне, күтілетін нәтижелері мен мазмұнына сәйкес жүзеге асырылады.

Курстың тақырыптық - оқу жоспары (ТОЖ) негізінде зерделеу үшін міндетті теориялық материалды, презентацияларымен интерактивті дәрістердің, тренингтер мен вебинарлардың мазмұнын, практикалық жұмыстар мен өзіндік жұмыстарға арналған тапсырмаларды, қорытынды бақылауды, ұсынылатын әдебиеттер тізімін қамтитын оқу-әдістемелік кешен (бұдан әрі - ОӘК) әзірленеді.

Тыңдаушыларға курс сабақтарының әр тақырыбы бойынша теориялық материалдар мен презентациялар, вебинарлар, талдау мен түзетуге арналған тапсырмалардың үлгілері ұсынылады. Курс бойынша қосымша ақпараты бар дереккөздерге сілтемелер беріледі.

Курс барысында практикалық жұмыс кезінде шешілетін міндеттер қарастырылған.

1-модуль. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары»

Модульдің өзектілігі

Модуль тыңдаушыларды өз жұмысында сүйене алатын нормативтік-құқықтық актілермен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарымен және қағидаттарымен таныстыруды ұсынады.

Модуль мектепке дейінгі білім берудің нормативтік-құқықтық актілерін қолдануда мектепке дейінгі ұйым әдіскерлерінің кәсіби-тұлғалық құзыреттерінің қажетті деңгейін дамытуға бағытталған.

Модуль міндеттері:

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын қарастыру;

2) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін нормативтік-құқықтық актілермен таныстыру.

Күтілетін нәтижелер:

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі негізгі нормативтік құқықтық актілерді біледі;

2) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің нормативтік құқықтық актілері аясында тәрбиелеу-білім беру процесін жүзеге асырады.

2-модуль. Тәрбиелеу-білім беру процесін сүйемелдеу

Модульдің өзектілігі

Модульдің мазмұны тыңдаушыларға мектепке дейінгі ұйым әдіскерінің кәсіби құзыреттіліктерін, стратегиялық жобалау дағдыларын, мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық процесін модельдеуге, педагогикалық ұжымда тиімді тұлғааралық қарым-қатынасты қалыптастыруға бағыт береді. Сонымен қатар, МДҰ әдіскерінің қызметін ақпараттық қамтамасыз етуге, ақпараттық технологияларды басқаруға бағытталған. Сондай-ақ, тыңдаушылар мектепке дейінгі білім беруде жобалау әрекетін ұйымдастырудың әдістері мен нысандарын меңгереді, заманауи педагогикалық технологиялармен (ойын технологиялары, АКТ технологиялар және т.б.) және оларды МДҰ-ның тәрбиелеу-білім беру процесінде қолдану мүмкіндіктерімен танысады.

Модульдің міндеттері:

1) мектепке дейінгі ұйым әдіскерінің кәсіби құзыреттілігін, стратегиялық жобалау дағдыларын дамыту;

2) педагогикалық ұжымда тиімді тұлғааралық қарым-қатынас орнату;

3) мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-білім беру процесін модельдеу.

Күтілетін нәтижелер:

1) мектепке дейінгі ұйым әдіскерінің кәсіби құзыреттіліктерін, стратегиялық жобалау дағдыларын меңгерген;

2) педагогикалық ұжымда тиімді тұлғааралық қарым-қатынасты қамтамасыз етеді;

3) мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық процесін ұйымдастырады.

3-модуль. Мектепке дейінгі білім беруде дамытшы ортаны ұйымдастыру

Модульдің өзектілігі

Модульдің мазмұны тыңдаушыларды дамытушы ортаның жағдайын бағалай білуге, оған қандай материалдар қажет екенін байқауға және оларды ерте және мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту үшін жағдаяттар ойластыруға бағыттайды.

Модуль тыңдаушылардың практикалық біліміндегі олқылықтарды ескереді және олардың білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.

Модульдің міндеттері:

1) мектепке дейінгі ұйымда дамытушы орта ұйымдастырудың заманауи тұжырымдамалары мен қағидалары туралы түсініктерін кеңейту;

2) бекітілген нормативтік құқықтық актілерге сәйкес МДҰ-дың топтарында дамытушы орта ұйымдастыру негіздерін меңгеруді қамтамасыз ету.

Күтілетін нәтижелер:

1) мектепке дейінгі ұйымда дамытушы орта ұйымдастырудың заманауи тұжырымдамалары мен қағидаларын біледі;

2) бекітілген нормативтік құқықтық актілерге сәйкес топтарда дамытушы ортаны ұйымдастырудың негіздерін меңгерген.

4-модуль. Тәрбиелеу-білім беру процесіне қатысушылардың өзара әрекеті

Модульдің өзектілігі

Модуль тәрбиелеу - білім беру процесінде өзара әрекет ерекшелігін, тәрбиелеу-білім беру процесіне қатысушылардың өзара әрекетінің мәселелерін психологиялық-педагогикалық диагностикалау әдістемесін, шығармашылық өзара қарым-қатынасты дамыту үшін жағдай жасау әдістерін, тәрбиелеу-білім беру процесіне қатысушылардың ынтымақтастығын зерделеумен байланысты мәселелерді қамтиды.

Модуль әдіскердің мынадай құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған:

түрлі балалар әрекетін ұйымдастыра білу: ойын, шығармашылық, дербес, еңбек және т. б.;

мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен дамыту мәселелері бойынша ата-аналарымен және мектепке дейінгі ұйым педагогтерімен тиімді өзара әрекет етуге қабілетті.

Модульдің міндеттері:

1) ата-аналарды мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-білім беру процесіне тарту;

2) балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру;

3) балаларды тәрбиелеу мен дамыту мәселелері бойынша ата-аналарға консультациялық көмек көрсету.

Күтілетін нәтижелер:

1) ата-аналарды мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-білім беру процесіне тартады;

2) «Ата-аналар институты» жұмысына қызығушылық артады: «Ата-аналар мектебі», «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі»;

3) мектепке дейінгі ұйымның ата-аналармен жұмысы бойынша сайттың жұмысы жандандырылады.

5-модуль Вариативтік мазмұн

Модульдің өзектілігі

Қорытынды модуль барысында оқытудың қорытындысы шығарылады, курс бойынша оқытуға рефлексия жүргізіледі, ұсынылған тақырыпқа сәйкес МДҰ-ды дамыту бойынша жоба әзірленеді, жобаны әзірлеуде топпен жұмыс орындалады, презентация жасалады және жобаны қорғау жүзеге асырылады.

Әрбір модуль соңында өзін-өзі бағалау және бір-бірін бағалау арқылы практикалық жұмыстарды орындаумен сүйемелденеді.

Модульдің міндеттері:

1) тыңдаушылардың кәсіби қызметіндегі мәселелерді айқындау;

2) білім беру бағдарламасы мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау.

Күтілетін нәтижелер:

1) кәсіби қызметтегі мәселелерді анықтайды;

2) білім беру бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейін бағалайды.

№	Сабақтың тақырыптары	Теориялық сабақ	Тестілеу	Практикалық сабақ	МДҰ базасында көшпелі сабақтар	Жоба қорғау	Барлығы
1	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары	5	1	2			8
1.1	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды нормативтік құқықтық қамтамасыз ету: - «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы; - Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі (2021 жылғы 15 наурыздағы №137 ҚРҰК); - Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР ОАМ 03.08.2022 ж. № 348 бұйрығы); - Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (ҚР БҒМ 20.12.2012ж. № 557 бұйрығы); - Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (ҚР БҒМ 12.08. 2016 ж. № 499 бұйрығы); - Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары (ҚР ОАМ 31.08.2022 ж. № 385 бұйрығы); - Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары (ҚР БҒМ 2009 жылғы 13 шілдедегі N 338 бұйрығы); - Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары (ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы)	4	1				5
1.2	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі педагог: - «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы; - Педагогикалық әдеп қағидалары (ҚР БҒМ 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығы)	1		2			3
2	Тәрбиелеу-білім беру процесін сүйемелдеу	7		9	4		20
2.1	Балабақша әдіскерінің қызметі	1		2			3
2.2	Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру және өткізу (режимдік сәттер, әдіскердің бақылау парақтары, балабақша педагогтерінің негізгі құжаттары)	2		2	4		8

2.3	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету және мониторинг жүргізу	2		3			5
2.4	Жасанды интеллект және оның тәрбиелеу - білім беру процесіне ықпалы	1		2			3
2.5	Аттестаттаудан өткізуге дайындық	1					1
3	Мектепке дейінгі білім беруде дамытшы органы ұйымдастыру	4		6	2		12
3.1	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың вариативтік, жеке бағдарламаларын әзірлеу	2		3			5
3.2	Цифрлық құралдарды қолданып, интерактивті және мультимедиялық материалдарды әзірлеу	2		3	2		7
4	Тәрбиелеу-білім беру процесіне қатысушылардың өзара әрекеті	6		10	11		27
4.1	Ата-аналармен (заңды өкілдермен) жұмыс жүргізуде педагогті әдістемелік қолдау	2		3	2		7
4.2	Тәрбиелеу-білім беру процесіне қатысушылардың өзара әрекетінің заманауи бағыттары	1		2	3		6
4.3	Педагогтің ата-аналармен қарым-қатынасының тиімді әдістері	1		2	3		6
4.4	Тәрбиеленушілердің ата-аналарын (заңды өкілдерін) психологиялық-педагогикалық қолдау	2		3	3		8
5	Вариативтік мазмұн					5	5
5.1	Тыңдаушылардың сапалық құрамына сәйкес және олардың кәсіби сұраныстарын ескере отырып, бағдарлама мазмұнын талдау. Тыңдаушылардың қиындықтары мен мәселелерін талқылау және шешу					1	1
5.2	Мектепке дейінгі ұйым педагогінің өз кәсіби құзыреттілігін бағалауы					4	4

8. Оқыту нәтижелерін бағалау

Әдіскерлердің қызметін бағалау екі шараның нәтижелерін қамтиды: формативті және жиынтық бағалау.

Әдіскерлердің оқу жетістіктерін формативті бағалау сапалы кері байланыс беру арқылы тренерлердің күнделікті теориялық және практикалық сабақтары барысында жүргізіледі. Оқытуды тиімді ұйымдастыру шеңберінде тыңдаушылар арасында тәжірибемен, білімдерімен және дағдыларымен алмасу үшін жеке, жұппен және топпен жұмысты ұйымдастыру негізінде бірлескен орта құру көзделген.

Оқу жетістіктерін орындау бойынша әдіскерлердің білімін формативті бағалау балдарды бес балдық жүйеге ауыстыру арқылы жүзеге асырылады:

1) «Өте жақсы»: 9-10 балл, (85-100%);

- 2) «Жақсы»: 7-8 балл, (75-84%);
 3) «Қанағаттанарлық»: 5-6 балл, (50 - 74%).

Әдіскерлерді қорытынды бағалау барлық теориялық сабақтар бойынша тестілеуді және таңдалған модуль бойынша жобаны қорғау нысанын қамтиды.

Қорытынды тест

№	Модульдердің атаулары	Сағат саны	Сұрақтар саны
1	1-модуль . Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары		
2	2-модуль. Тәрбиелеу-білім беру процесін сүйемелдеу		
3	3-модуль. Мектепке дейінгі білім беруде дамытшы ортаны ұйымдастыру		
4	4-модуль. Тәрбиелеу-білім беру процесіне қатысушылардың өзара әрекеті		
5	5-модуль. Вариативтік мазмұн		
	Тестілеу уақыты мее тест тапсырмаларының саны		

Балдарды бағаға ауыстыру шкаласы

баға	орындалу % ауқымы	баллдар
«5»	90%-100%	29-35
«4»	75-89%	23-28
«3»	50-74%	15-22
«2»	50% -дан аз	20 баллдан аз

9. Курстан кейінгі сүйемелдеу

Біліктілікті арттыру процесінде алған білімдер мен біліктерді **тәжірибеде** қолдану әдіскерлерге әдістемелік сүйемелдеуді қажет етеді.

Әдіскер қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу–тренерлердің консультациялық көмегі арқылы жүзеге асады. Бұл қолдау түрлі байланыс құралдары арқылы іске асырылады: ҚР ОАМ Балаларды ерте дамыту институтының сайты, электрондық пошта, әлеуметтік желілер мессенджерлері (Facebook, WhatsApp), Google қызметтері (Duo, Hangouts).

1. Курстан кейінгі сүйемелдеуді ресурстық қамтамасыз ету үшін:

1.1. курстың тақырыбы бойынша электрондық материалдар (әдістемелік құралдар, тірек материалдар және басқалар) www.irrd.kz сайтында орналастырылады.

2. Үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру аясында кәсіби даму траекториясын іске асыру үшін:

2.1. педагогикалық кейс құру;

2.2. педагогтердің ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ ұйымдастыратын байқауларға қатысуы (Байқаулардың ережелері Институттың сайтында www.irrd.kz орналастырылады).

2.3. «Виртуалды әдістемелік кабинет». Аталған кабинетте педагогтерге арналған негізгі құжаттар орналастырылған:

- мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру;
- дамытушы орта ұйымдастыру;
- ұйымдастырылған іс-әрекет;
- режимдік сәттер;
- «Әкелер мектебі», «Әжелер мектебі», «Жас аналар мектебі» жұмыстарын, іс-шаралар мен мерекелерді ұйымдастыру;
- отбасында балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша ата-аналарға арналған мамандар мен логопедтердің, психологтардың консультациялары;
- ойындар;
- мектепалды даярлық бойынша ұсынымдар мен бейнероликтер.

2.4. педагогтер үшін сайттың «Жаңалықтар айдарында вебинарлар мен практикалық семинарлардың материалдары, бейнежазбалары орналастырылған.

2.5. курс тақырыбы бойынша «Дана бала» республикалық ғылыми-ақпараттық әдістемелік журналында педагогтердің мақалаларын жариялау.

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (24.11.2021 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен).
2. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI Заңы (03.05.2022 ж. өзгерістер мен толықтырулармен).
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 бұйрығы);
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР ОАМ 03.08.2022ж. №348 бұйрығы);
5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (ҚР ОАМ 09.09.2022ж. №394 бұйрығы);
6. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (ҚР ОАМ 14.10.2022ж. №422 бұйрығы);
7. Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жаратқандыру нормалары (ҚР ОАМ 07.06.2022ж. №265 бұйрығы);
8. Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға және мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидалары (ҚР ОАМ 27.08.2022ж. №381 бұйрығы);
9. Тәрбиешілердің міндетті құжаттардың тізбесі (ҚР ОАМ №382 бұйрығы 27.08.2022ж);
10. Білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық (ҚР БҒМ №292 бұйрығы 23.06.2022ж);
11. Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (ҚР БҒМ №385 бұйрығы 31.08.2022ж);
12. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидалары. ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.08.2022 ж. №157// бұйрығы.

Қосымша әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Балаларды ерте дамыту институты» РММ <http://irrd.kz/>.
2. Современный детский сад. Каким он должен быть/Под.ред. О.А. Шиян – М.: Мозаика-Синтез, 2019 – 312 с.
- 3.«Reggio Emilia» Философия среды и отношений Электронный доступ: <https://krugovaya.blogspot.com/2018/12/reggio-emilia.html>
4. Проектирование предметно-пространственной развивающей среды дошкольной организации/сост.: Ибрагимова Г.К. – Караганды, 2019 – 32 с.